

2000 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 қыркүйек N 1341.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау және астық өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1303 P991303_ және 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 P980998_ қаулыларына сәйкес сатып алынған астықты сатудан қайтарып алынған қаражат есебінен 2000 жылғы егіннің астығынан 42 000 000 (қырық екі миллион) АҚШ доллары сомасына 200 000 (екі жүз мың) тоннаға дейінгі көлемде үшінші сыныптан төмен емес жұмсақ сортты азық-түлік бидайын франкоэлеватор шартымен бірінші кезекте салық патенті негізінде салық төлеуді жүзеге асыратын тұлғалардан, қосылған құн салығын қоса және олар өзі өндірген астықты сатуы кезінде бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалардан, қосымша құн салығын қоспағанда, есептемеге алынған 1 тонна салмақ үшін 100 (жүз) АҚШ долларына баламалы баға бойынша мемлекеттік сатып алу жүргізілсін. <*>

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы 2001 жылғы көктемгі - жазғы кезеңде ішкі рынокта сату үшін мемлекеттік экспорттық ресурстардан 150 000 (жүз елу мың) тонна астықты сақтап қойсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.09.13. N 1385 қаулысымен. P001385_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.31. N 1640 қаулысымен. P001640_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841 қаулысымен. P001841_

2. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу, оны сақтау және сату тәртібі туралы ереже бекітілсін.

3. Жергілікті жерлерде 2000 жылғы егіннің астығын сатып алудың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету жауапкершілігі облыстардың әкімдеріне жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
5 қыркүйектегі
N 1341 қаулысымен
бекітілген

2000 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу,

оны сақтау және сату тәртібі туралы
Ереже

Осы Ереже 2000 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу, оны сақтау және сату тәртібін белгілейді.

1. Астықты мемлекеттік сатып алудың шарттары

1. Азық-түліктік бидайды мемлекеттік сатып алу "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" (бұдан әрі - Корпорация) жабық акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады.

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841 қаулысымен.

P001841_

3.

<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841
қаулысымен.

P001841_

4.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841
қаулысымен.

P001841_

5. 9353-90 Мемстандартқа сай келетін үшінші сыныпты жұмсақ бидайдың есепке алынған салмағының 1 тоннасы үшін, салық патенті негізінде салық төлеуді жүзеге асыратын тұлғалар үшін - ҚҚС-ны қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалар үшін, олар өздері өндірген астықты сату кезінде - ҚҚС-ны есептемегенде, франко-элеватор шартымен

сатып алу бағасы 100 АҚШ долларына баламалы.

<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.13. N 1385
қаулысымен.

P001385_

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.31. N 1640
қаулысымен.

P001640_

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841
қаулысымен.

P001841_

6.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.13. N 1385
қаулысымен.

P001385_

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.31. N 1640
қаулысымен.

P001640_

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841
қаулысымен.

P001841_

7. Сатып алу конкурстық негізде Корпорация іріктеген және Қазақстан

Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) бекіткен тізімге енгізілген желілік элеваторларда жүзеге асырылады.

Сатып алуға қатысуға рұқсат беру үшін элеваторларды іріктеудің негізгі өлшемдері:

1998-1999 жылдардағы егіннің астығын сатып алу бағдарламасының міндеттемелерін орындау және алыс-беріс астығын сақтау жөнінде кінәраттардың болмауы;

1995-тен 2000 жылдың 1 жартыжылдығына дейінгі кезеңде Корпорациямен өзара есеп айырысудың салыстырма актілерінің болуы;

сақтау қызметі үшін мейлінше төмен тарифтердің болуы;
элеваторлардың сыйымдылығының ең төменгі көлемі 80 мың тоннадан аз болмауы;

сатып алынатын астықты бөлек сақтауды қамтамасыз ету мүмкіндігі;
элеваторларда астықты және оның қайта өңделген өнімдерін қабылдау, сақтау, ұқсату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы тиіс.

2. Астықты сатып алуды жүргізу және оны қаржыландыру тәртібі

8. Корпорация Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулысы жарияланғаннан кейін, бір апталық мерзімде "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" республикалық газеттерінде астықты сатып алуға және сақтауға қатысуға рұқсат берілген элеваторлардың тізімін жариялайды.

9. Өз астығын сатуға мүдделі тұлғалар жұмыс топтарына:

- 1) жұмыс тобы атына жазбаша өтінімді;
- 2) элеватор берген кірістік квитанцияның (ПК-13) және астықтың талдау карточкасының көшірмесін;
- 3) кәсіпкерлік қызметпен (шаруа қожалықтары (фермерлік) айналысу құқығына патенттің немесе куәліктің көшірмесін ұсынады.

Жұмыс топтары облыстар әкімдерінің шешімдерімен құрылады және құрамына облыс әкімдерінің ауыл шаруашылығы мәселелерін қадағалайтын орынбасарлары, облыстар әкімшіліктері ауыл шаруашылығы департаменттерінің (басқармаларының), жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттердің, статистика және салық органдарының, Ауылшарминінің облыстық аумақтық басқармаларының өкілдері, сондай-ақ Корпорацияның облыстық өкілдіктерінің басшылары енуге тиісті.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841 қаулысымен. P001841_

10. <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841 қаулысымен. P001841_

11. Жұмыс топтары сатушылармен астықты сатып алу-сату шартын жасау үшін, Корпорацияның облыстық өкілдіктеріне ұсынылатын сатушылардың тізімдері мен тізілімдерін жасайды.

Астық сатып алу тізімінің, тізілімінің және үлгілік шартының нысандарын Ауылшармині бекітеді.

12. Астықты сатып алу-сату шарттары бойынша төлем жүргізу үшін сатушылар Корпорацияның облыстық өкілдіктеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) ПК-10 түпнұсқасы;
- 2) талдау карточкасының түпнұсқасы;
- 3) шот-фактура мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық инспекциясының 1995 жылғы 26 маусымдағы N 37 Нұсқаулығына сәйкес

белгіленген нысандағы салықтық шот-фактура (оңайлатылған салық салу режимінде жұмыс істейтін тұлғалардың салықтық шот-фактурасына басшының қолы қойылуы тиіс және ол аудандық салық органының мөрімен расталуы тиіс).

Сатушылардың тапсырған құжаттарының дұрыс толтырылғандығы үшін жауапкершілік сатып алу-сату шартында келісіледі.

Корпорацияның облыстық өкілдіктері апта сайын, дүйсенбіде, жасалған шарттармен бірге жоғарыда көрсетілген құжаттарды төлем жасау үшін Корпорацияның орталық офисіне жеткізеді. Корпорация сол аптаның жұмасынан кешіктірмей өз есеп-шотына ақша түсу сәтінен бастап 2 банктік күн ішінде, ол ақшаны сатушыларға аударады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841

қаулысымен.

P001841_

13. Төлем Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жасалған күнгі бағамымен теңгемен жасалады.

3. Сатып алынған астықты сақтау

14. Сатып алынған астықты сақтау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1506

P991506_

қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алынған астықты сақтаудың басталу күні үлгілік нысаны Ауылшармині бекітетін шартта көрсетіледі.

4. Сатып алынған астықты сату және қаржы ресурстарын қайтару

15. Сатып алынған астықты сатуды Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

16. Сатып алынған астықты сатудың шарттары мен мерзімдері сыртқы рынок конъюнктурасы негізінде анықталады. Сатылатын астықтың ең төменгі бағасы Ауылшарминімен келісіледі және сатып алу бағасынан төмен болмауы тиіс.

17. Сатып алынған астықты сатудан түскен қаражат алынғаннан кейін, 3 банктік күн ішінде "Корпорацияның" арнайы шотына аударылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1841
қаулысымен.

P001841_

5. Сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі

18. Астықты сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі Қазақстан
Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес анықталады.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.